

Қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 21 қаңтардағы N 8

1. Қызылорда облысының әкіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыруға арналған резерв қорынан Қызылорда қаласындағы өрт зардаптарын жою мен 6-ЖЭО-ны қалпына келтіру үшін 10 (он) миллион теңге бөлінсін.

Аварияны жоюға жетпей тұрған сома жергілікті бюджет, сондай-ақ

мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаты есебінен жабылсын.

2. Қызылорда облысының әкімі 1997 жылдың бірінші тоқсанының нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне орындалған жұмыстың көлемі мен құны туралы баяндасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті бөлінетін қаражаттың қатаң мақсатқа сай пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министрдің
бірінші орынбасары